

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)

2026ж. 27.02 қарай қалыптасқан деректер бойынша банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекелі үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

2026 жылдың 23 қаңтарында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде қалдырды. Ол өткен жылдың қазан айынан бері осы деңгейде сақталып келді. Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің негізгі өсу циклы 2025 жылдың 4-тоқсанында аяқталды. 2026 жылдың қаңтарында тек жекелеген банктер өздерінің кейбір депозиттерінің сыйақыларын қайта қарады. Ақпан айында, өткен айдағыдай, мөлшерлемелерді қайта қарау мақсатты болды және тек жекелеген банктерге қатысты болды.

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Өзгерістер	Мерзімсіз салымдар	Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер	Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер	Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер
▲	1 банк	1 банк	1 банк	1 банк
▼			1 банк	1 банк
+			1 банк	

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады




Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер – аса икемділігінің арқасында депозиттердің ең танымал түрі. Олар қаражатты емін-еркін толықтыруға, кез келген уақытта азайтылмайтын қалдық шегінде ақша алуға мүмкіндік береді. Сыйақы жоғалмайды.

Қазіргі сәтте қатысушы 21 банктің 18-і: 3 ірі, 6 орта және 9 шағын банк клиенттеріне мерзімсіз салымдар ұсынады³. Қаражатты алуға қатысты шектеулер өте аз болған соң, табыстылық базалық мөлшерлемеден аспайды және салымдардың басқа түрлеріне қарағанда төмен: құбылу ауқымы 13,0%⁴-дан 16,9%-ға дейін. Бұл ретте ұсынылатын мөлшерлемелер инфляциядан жоғары. Сәйкесінше қаражаттың өтімділігін сақтай отырып, салымшыларға нақты табыстылықты қамтамасыз етеді. Ақпан айында мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер қайта қаралмады десе де болады, тек бір орташа банк қана мөлшерлемелері 2,5 пайыздық тармаққа (п.т.) көтеріп, 16,5%-ға жеткізді.

1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер⁵



² Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

³ нарықтағы үлесі активтерінің мөлшері бойынша қоса санағанда 3%-ға дейін болатын ұсақ банк, нарықтағы үлесі активтерінің мөлшері бойынша қоса санағанда 3%-дан 10%-ға дейін болатын орташа банк, нарықтағы үлесі активтерінің мөлшері бойынша қоса санағанда 10%-дан жоғары болатын ірі банк;

⁴ іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

⁵ Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды




Мерзімді депозиттер⁶

Мерзімді депозит – бұл жинақ және мерзімсіз өнімдер арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары табыстылық ұсынылады және қаражатты басқаруда талаптары жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы.

Қарастырылып жатқан сегментте 7 банк жұмыс істейді: 3 ірі, 3 орташа және 1 шағын банк. Мерзімді салымдар бойынша қысқа мерзімдерге арналған табыстылық инфляциядан ғана емес, базалық мөлшерлемеден де жоғары. Яғни, жинақ салымдардың табыстылығына теңесті деуге болады. Бұл ақша қаражатын мерзімінен бұрын алу бойынша неғұрлым жеңіл шектеулермен депозиттердің тартымды мөлшерлемесін ұсына отырып, банктердің клиенттік базасы үшін бәсеке жүріп жатқандығын көрсетеді.

Айталық, ең жоғары мөлшерлемені – 20,0%-ды 2 ірі банк 3 ай мерзімге береді. Одан басқа, 2026 жылдың ақпанында тағы бір орташа банк мерзімі 3 айлық салымның сыйақысын 1,0 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға және 6 айлық мерзім бойынша 0,7 п.т.-қа көтеріп, 19,0%-ға жеткізді. Тек бір ғана банк ұзақ мерзімге (24 айдан жоғары) 10,0%-дық сыйақы ұсынуда. Бұл ұзақ мерзімді өнімдерге сұраныстың болмауымен және ұзақ мерзімді перспективада төмен кірісті нарықтың күтуімен байланысты.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер⁷



⁶ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

⁷ Банктердің сайттарында толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымдарды ұсыну туралы ақпарат жоқ



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі.



Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

Толтыру құқығы бар жинақ депозиттері сегментінде 12 банк ұсынылған, олардың ішінде 1 ірі, 5 орта және 6 шағын банк. Салымшылар үшін өнімнің бұл түрі жоғары пайыздық мөлшерлемелердің үйлесімімен және қосымша жарналарды капиталдандыру мүмкіндігімен тартымды. Сонымен қатар, банктер үшін толықтыру опциясының болуы пайыздық шығыстардың ұлғаюын білдіреді, бұл мұндай салымдардың нарықтық ұсынысын шектейді.

Ақпан айында сегментте келесі өзгерістер болды:


1 ірі банк салымның осы түрін 3 ай мерзімінде 16,7% сыйақы мөлшерлемесі бойынша және 6 және 12 ай мерзімдерінде 14,9% мөлшерлемесі бойынша депозиттер қатарына қосты;

1 шағын банк қысқа мерзімде сыйақы мөлшерлемесін көтерді және бір мезгілде ұзақ мерзімде төмендеді:

- + 3,2 п. т. 3 ай мерзімінде 17,6%- ға дейін;
- + 1,9 п. т. 6 ай мерзімінде 17,5%- ға дейін;
- 1,2 п.т. 12 ай мерзімінде 14,9%- ға дейін;
- 3,3 п.т. 24 ай мерзімінде 7,2%- ға дейін;
- 2,2 п.т. 24 айдан астам мерзімде 7,2%- ға дейін.

Осы ретте 20,0%-дық максималды сыйақы мөлшерлемесін 3 банк (2 орташа және 1 шағын банк) 3 ай мерзімге ұсынады. Тағы 2 шағын банкте 6 айлық мерзім бойынша осындай табыстылық тіркелген. Сегментте мөлшерлемелердің ең төменгі шегі – 5,1%-ды құрайды және мерзімі – 24 ай.

3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымы бойынша мөлшерлеме





Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерді 14 банк ұсынады: екеуі – ірі, бесеуі – орташа және жетеуі – шағын банктер. Мерзімінен бұрын алу бойынша қатаң шектеулер қойылғандығы және толықтыру мүмкіндігінің жоқтығы үшін бұл қаржы құралы банктер үшін анағұрлым тұрақты қорландыру көзі. Осыған байланысты бұл сегментте жоғары табыстылық бойынша ең көп ұсыныс шоғырланған: 8 банкте мөлшерлемелер – 20,0%-ға, 1 банкте – 20,5%-ға жетеді.

Ең жоғары мөлшерлемелер мерзімді салымдар сегментіндегі секілді қысқа мерзімдерге ойысқан. Мұны алдағы уақытта ақша құнының түсуі мүмкін екендігі жағдайында банктердің өздерінің пайыздық тәуекелдерін азайтуға ұмтылып жатқандығымен түсіндіруге болады. Соған қарамастан, нарықта ұзақ мерзімдер бойынша жекелеген тартымды мөлшерлемелер ұсынысы бар. Мысалы, 24 ай бойынша – 15,0%. Бұл салымшыларға ұзақ мерзім бойынша тұрақты әрі жоғары табыстылық алуға мүмкіндік береді. Дейтұрғанмен, салымшылардың көпшілігі қысқа мерзім ішінде жоғары табыс алғанды қалайды.


Бұл сегментте мөлшерлемелер банктердің көпшілігінде жоғары деңгейде екендігін ескерсек, 2026 жылғы ақпанда тек 2 банк сегментінде сыйақы мөлшерлемелері қайта қаралды:

1 орташа банк сыйақы мөлшерлемесін 6 ай мерзімде 1,7 п. т. 20,0% - ға дейін көтерді,

1 шағын банк қысқа мерзімде сыйақы мөлшерлемесін көтерді және бір мезгілде ұзақ мерзімде төмендеді:

- +1,5 п. т. 3 ай мерзімінде 17,6%- ға дейін;
- + 0,2 п. т. 6 ай мерзімінде 17,5%- ға дейін;
- 0,9 п. т. 12 ай мерзімінде 16,7%- ға дейін;
- 1,1 п.т. 24 айдан астам мерзімде 9,4%- ға дейін.

4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер





Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляция деңгейі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды. Базалық көрсеткіш өскен кезеңдерде (мысалы, инфляцияның немесе базалық мөлшерлеменің өсуі), құбылмалы сыйақы мөлшерлемелері жоғары табыстылық алуға мүмкіндік береді. Егер базалық көрсеткіштің мәні төмендесе, сыйақы мөлшерлемесі де төмендейді.

Депозиттердің қаралып отырған сегменті депозит нарығындағы ең жаңа сегмент болып табылады және салымшыларға ұсынылған уақыт ішінде (бір жылдан астам) екі орташа банктің депозиттік өнімдерінің қатарына енгізілді.

2026 жылдың ақпанында сегментте өзгерістер тіркелмеді.

5-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



Тұжырымдар

Депозит нарығы мөлшерлемелерді белсене көтеру кезеңінен қол жеткізілген мәндерді ұстап тұру кезеңіне өтіп жатыр. Тек жекелеген сегменттерде жекелеген түзетулер болуы мүмкін. 2026 жылдың басынан бері банктердің белсенділігі мөлшерлемелерді қайта қарауда нүктелік сипатқа ие болды. Ақпан айында тек 2 банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді көтерді. Ал 1 банк толықтыру мүмкіндігі бар жинақ салымды іске қосып, өзінің депозиттік өнімдерін толықтырды.

Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейде сақталу ықтималдығы жоғары болғандықтан, 2026 жылдың⁸ алғашқы жартысында (Ұлттық Банктің кезекті шешімі 2026 жылдың 6 наурызында күтіледі) нарық алдағы жақын айларда шартты түрде тұрақтылық фазасында қалады деп топшылауға болады. Болжам бойынша мөлшерлемелер жаппай қайта қаралмайды. Өзгерістер таңдамалы сипатқа ие болуы мүмкін және ол әрине, банктердің жеке стратегиясына тәуелді.

Депозиттер бойынша ағымдағы мөлшерлемелердің деңгейі тәуекел деңгейі төмен кезде оң сипаттағы нақты табыстылықты қалыптастырып, салымшылардың жинақ ақшаларын инфляциядан қорғайды. Осы ретте максималды мөлшерлемелер қысқа мерзімді салымдарда шоғыланғаны байқалады. Бұл өз кезегінде салымшылар үшін өтімділікті шұғыл басқаруға және жинақ ақшаларын молайтуға мүмкіндік береді. Дегенмен, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді құралдар арасындағы мөлшерлемелердегі алшақтық банктердің қорландыру құнының біртіндеп төмендеуіне қатысты күтулерін растайды. Сондықтан артық ақшаларын ұзақ мерзімді салымдарға салуды көздеген салымшылар нарықтық үрдіс төмендеу жағына ойыспай тұрғанда мерзімі бір жыл және одан жоғары салымдардың қазіргі пайыздық мөлшерлемелеріне назар аударғандары жөн.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**

⁸ «Базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы» пресс-релиз, 2026 жылғы 23 қаңтар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, <https://nationalbank.kz/file/download/116801>



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.